

"Қарағандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына несиенің бір бөлігін өтеу және "Қарағандыжылуэнерго" мемлекеттік кәсіпорнына көмір беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 25 ақпандағы N 0267

Қарағанды облысының энергиямен жабдықтау ұйымдарының қысқы кезеңде тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қарағанды облысы әкімінің және "Қарағандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының аталған кәсіпорынға "Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1715 Р961715_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы бөлінген 150 (жүз елу) миллион теңге сомасындағы несиенің бір бөлігін "Қарағандыжылуэнерго" мемлекеттік кәсіпорнына көмір беру есебіне өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкімен бірлесіп "Қарағандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына бөлінген несиеге қатысты берешегіне өтем жасасын;

1-тармақта көрсетілген соманы республикалық бюджеттен Қарағанды облысына арнап бөлінген бюджеттік қаржы ретінде 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін ескерсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі